

Г.Б. Тастекова*, Р.Ж. Байдалы, Р.К. Бекмағамбетов

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
(E-mail: tastekova.guldana@gmail.com; rbaidali@mail.ru; ruslan69_07@mail.ru)

Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметі

Мақалада XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметі кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасу үдерісін және оның мәдени-ағартушылық қызметін архивтік деректер негізінде қайта зерделеу қажеттілігімен айқындалады. Алаш қозғалысы кеңінен зерттелгенімен, оның жекелеген өкілдерінің, соның ішінде Мырзағазы Есполовтың қызметі жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Зерттеудің мақсаты — Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметінің негізгі бағыттарын анықтау, оның тарихи кезеңдерге сәйкес дамуын көрсету және педагогикалық, қоғамдық және мемлекеттік қызметінің өзара байланысын талдау. Сонымен қатар оның қоғамдық қызметінің мазмұны мен ерекшеліктерін нақтылау және тарихи маңызын айқындау. Зерттеу архивтік материалдар мен тарихи талдау әдістеріне негізделген. Зерттеу нәтижелері М. Есполов қызметінің көпқырлы және кезеңдік сипатқа ие болғанын көрсетті. Алғашқы кезеңде ол мұғалім ретінде білім беру ісімен айналысып, халық арасында ағартушылық қызмет жүргізді. Бұл кезеңде оның қызметі ұлттық білім беруді дамытуға және халықтың сауатын арттыруға бағытталды. 1916-1917 жылдары майдандағы тыл жұмыстарына алынған қазақ жұмысшылары арасында ұйымдастырушылық және әлеуметтік қолдау қызметін жүзеге асырып, олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстарға қатысты. Сонымен қатар ол жұмысшылардың құқықтарын қорғау және олардың әлеуметтік мәселелерін шешу ісіне белсенді араласты. Алаш қозғалысы кезеңінде оның қызметі саяси мазмұнға ие болып, ұлттық идеяларды насихаттау және ұлттық съездер жұмысына қатысуымен ерекшеленді. Кеңестік кезеңде ол Түркістан АКСР-інің мемлекеттік құрылымдарында қызмет атқара отырып, ағартушылық қызметін жалғастырды. Ол Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту институтының (Кирипрос) жүйесінде педагогикалық қызмет атқарып, білім беру үдерісіне белсенді қатысты, сондай-ақ Қазақ мәдениетін көркейтушілердің «Талап» қоғамының жұмысына араласып, мәдени-ағартушылық бастамаларды жүзеге асыруға үлес қосты. Сонымен бірге оның публицистикалық және аудармашылық қызметі де қоғамдық ойдың дамуына ықпал етті. Зерттеу барысында Есполовтың ағартушылық және ұйымдастырушылық қызметтерінің өзара байланысы анықталды. Мақалада оның ұлттық білім беру жүйесін дамытудағы рөлі мен қазақ интеллигенциясы қатарындағы орны айқындалды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы оның қоғамдық-ағартушылық қызметін кешенді түрде талдауда көрінеді және оның тарихи маңызын жаңа деректер негізінде бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар алынған нәтижелер қазақ зиялыларының қоғамдық қызметін тереңірек түсінуге және ұлттық тарихтың маңызды мәселелерін қайта қарастыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер: Мырзағазы Есполов, Орынбор мұғалімдер мектебі, қазақ интеллигенциясы, Алаш қозғалысы, «Еркін дала» ұйымы, Түркістан АКСР, Ташкент, халықтық ағарту, Қазақ (Қырғыз) ағарту институты (Кирипрос), «Талап» қоғамы.

Kipicne

XX ғасырдың алғашқы ширегі Қазақстан тарихында түбегейлі әлеуметтік-саяси және мәдени өзгерістер кезеңі ретінде сипатталады. Бұл кезеңде қазақ қоғамында ұлттық интеллигенция қалыптасып, қоғамдық ойдың жаңа бағыттары пайда болды. Аталған үдерістердің маңызды бір бөлігі — мәдени-ағартушылық қозғалыстың дамуы болды. Осы қозғалыс аясында қазақ зиялылары халықтың білім деңгейін арттыру, ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді.

Алаш қозғалысы өкілдері қазақ қоғамында ұлттық сана мен тәуелсіздік идеяларын қалыптастыруда, ағартушылық қызметті дамытуда ерекше рөл атқарды. Олар халықтың білім деңгейін көтеру, саяси көзқарасын қалыптастыру, әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы елдің болашақ дамуына негіз қалады. Осындай көрнекті тұлғалардың бірі — Мырзағазы Есполов. Оның өмірі мен қызметі қазақ зиялыларының қоғамдық-ағартушылық миссиясын айқын көрсететін маңызды тарихи мысал.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: astekova.guldana@gmail.com

Мырзағазы Есполовтың қызметі педагогикалық ағартушылықтан басталып, кейін қоғамдық-саяси және мемлекеттік деңгейдегі қызметпен ұштасып жатты. Ол мұғалім ретінде халық арасында білім тарату ісімен айналысып қана қоймай, XX ғасыр басындағы күрделі тарихи кезеңдерде ұлттық мүддені қорғау жолында белсенді қоғамдық қызмет атқарды. Сонымен қатар 1916-1917 жылдардағы оқиғалар мен Алаш қозғалысы кезеңінде оның қызметі саяси ағартушылық сипат алып, халық арасында ұлттық идеяларды насихаттауға бағытталды.

Кеңестік кезеңде, атап айтқанда 1920 жылдары Ташкент қаласында Түркістан АКСР-ның мемлекеттік құрылымдарында қызмет атқару барысында М. Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметі жаңа мазмұнға ие болды. Ол Түркістан Орталық атқару комитеті мен Жер халық комиссариаты жүйесінде жауапты қызметтер атқара отырып, аграрлық саясатты жүзеге асыруға қатысқан [1].

Сонымен бірге осы кезеңде М. Есполовтың қызметі тек әкімшілік қызметпен шектелмей, қоғамдық-ағартушылық бағытта да қатар жүргізілгені анықталады. Атап айтқанда, ол Ташкент қаласында қазақ зиялылары құрған «Талап» мәдени-ағартушылық қоғамының жұмысына белсенді қатысып, мемлекеттік қызметпен қатар ғылыми-ағартушылық қызметті қатар алып жүрген [2; 77-92]. Бұл жағдай Есполовтың ұлттық интеллигенция өкілі ретіндегі қызметінің екі бағытта — ресми мемлекеттік басқару жүйесінде және қоғамдық ұйымдар арқылы ағарту ісінде қатар жүзеге асқанын көрсетеді.

Алайда Мырзағазы Есполовтың өмірі мен қызметі отандық тарихнамада әлі де толық зерттелмеген мәселелердің қатарына жатады. Оның есімі көбіне Алаш қозғалысы аясында аталғанымен, қоғамдық-ағартушылық қызметінің мазмұны мен ерекшеліктері арнайы зерттеу нысаны ретінде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты — Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметін тарихи тұрғыдан талдау, оның мазмұнын, бағыттарын және тарихи маңызын анықтау. Зерттеу барысында оның педагогикалық, қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметтері кешенді түрде қарастырылып, ұлттық интеллигенция өкілі ретіндегі рөлі айқындалған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметі эволюциялық тұрғыда қарастырылған, яғни оның қызметінің әртүрлі тарихи кезеңдердегі (патшалық Ресей, Алаш кезеңі, кеңестік кезең) ерекшеліктері өзара байланыста талданған. Сонымен қатар оның қызметі ұлттық мүдде тұрғысынан бағаланып, қазақ қоғамындағы ағартушылық үдерістермен сабақтастырыла зерттелген.

Материалдар және әдістер

2025 жылы Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде (ӨзР ОМА) жұмыс істеуге рұқсат алынды. Түркістан АКСР кезеңіне қатысты деректер ерекше маңызға ие болды. Атап айтқанда, 34-қор — «Халық ағарту комиссариаты» материалдары зерттеудің деректік негізін құрады. Сонымен бірге 372-қор — «Қырғыз (Қазақ) халық ағарту институтының (Кирипрос)» материалдары пайдаланылды. Аталған қор құжаттары Мырзағазы Есполовтың ағартушылық қызметін, оның білім беру жүйесіне қатысу деңгейін және ұлттық интеллигенцияның оқу-ағарту саласындағы қызметінің мазмұнын мен бағыттарын нақтылауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің И-95 және Р-693 қорларының құжаттары да пайдаланылды. И-95 қоры — Мырзағазы Есполовтың Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебінде білім алған кезеңіне қатысты материалдарын камтып, оның тұлғалық қалыптасуы мен ағартушылық көзқарасының бастапқы кезеңін айқындауға мүмкіндік береді. Ал Р-693 қорында 1922-1925 жылдар аралығындағы «Талап» қырғыз (қазақ) мәдениетін көркейту қоғамының қызметіне қатысты құнды құжаттар сақталған. Бұл құжаттар қоғамның құрылымы, қызмет бағыттары және оның мүшелерінің қоғамдық-ағартушылық қызметін кешенді түрде талдауға негіз болады.

Зерттеу барысында тарихи танымның негізгі қағидаттары — объективтілік, тарихилық, жүйелілік және кешенділік принциптері басшылыққа алынды. Объективтілік принципі деректерді сыни тұрғыдан талдау арқылы олардың мазмұнын біржақты бағалаудан бас тартуды көздейді. Тарихилық принципі М. Есполовтың қызметін нақты тарихи жағдайлармен, яғни XX ғасыр басындағы саяси және әлеуметтік өзгерістер контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жүйелілік және кешенділік принциптері оның қызметін ағартушылық, қоғамдық-саяси және мемлекеттік бағыттарда өзара байланыста талдауға негіз болды. Зерттеуде бірқатар ғылыми әдістер қолданылды. Атап айтқанда, тарихи-салыстырмалы әдіс М. Есполовтың қызметін басқа Алаш қайраткерлерінің

қызметімен салыстыра отырып талдауға мүмкіндік берді. Тарихи-генетикалық әдіс оның қоғамдық-ағартушылық қызметінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін анықтауға бағытталды. Сонымен қатар деректанулық талдау әдісі архивтік құжаттардың мазмұнын, шығу тегін және сенімділігін анықтауда қолданылды. Контент-талдау әдісі арқылы кезеңдік баспасөз материалдары мен ресми құжаттардағы ақпараттар жүйеленіп, М. Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметінің негізгі бағыттары айқындалды. Ал биографиялық әдіс оның өмір жолын зерттеу арқылы жеке тұлғалық факторлардың қоғамдық қызметіне әсерін анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелері

Жүргізілген деректік және тарихнамалық талдау Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметінің көпқырлы, эволюциялық сипатқа ие болғанын көрсетеді. Оның қызметі педагогикалық ағартушылықтан басталып, кейін қоғамдық-саяси және мемлекеттік деңгейдегі ағартушылыққа ұласқан. Зерттеу нәтижелері бойынша М. Есполовтың ағартушылық қызметінің алғашқы кезеңі оның ұстаздық қызметімен тікелей байланысты екендігі анықталды. Орынбор қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебінің педагогикалық кеңесінің хаттамасында оның оқу орнын сәтті аяқтағаны көрсетілген: *«Рассматривали ведомости окончательных испытаний учеников IV класса школы... постановлено выпустить из школы со свидетельством на звание начального учителя, с правом преподавания в 2-х кл. училищах, следующих учеников: ... 6. Испулова Мурзагазу»* [3; 32-38]. Бұл дерек Мырзағазы Есполовтың арнайы педагогикалық білім алып, бастауыш мұғалім ретінде қызмет атқаруға ресми құқық алғанын айғақтайды. Мырзағазы Есполов жайлы деректерде оның тегі әр түрлі нұсқада Есполов, Есболов, Испулов, Исполов, Еспулов түрінде кездеседі. Ол өз тегін қазақ тіліндегі құжаттарда Есполов, Есболов қолданса, орыс тіліндегі құжаттарда Испулов деп қолданған.

Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін тәмамдағаннан кейін, ол Қостанай уезінің Забеловский 2-сыныптық училищеге мұғалім қызметіне тағайындалады [4; 2].

1916 жылдың қараша айында Мырзағазы Есполов мұғалімдік қызметін тоқтатып, «Қазақ» газетінде жарияланған үндеуге жауап ретінде майданның тыл жұмыстарына алынған қазақтарға көмек көрсету мақсатында Орынбор қаласына келеді. Мұнда ол Ахмет Байтұрсынұлының тапсырмасымен Мәскеуде Әлихан Бөкейхановпен кездесіп, кейін Батыс майдандағы қазақ жұмысшыларының жағдайымен танысу жұмыстарына қатысады [5; 106].

М. Есполов майдандағы кара жұмысқа тартылған қазақтармен бірге болып, олардың тұрмыс-тіршілігін жақсарту бағытында белсенді әрекет етеді. Ол тыл жұмысында жүргендер арасында ұйымдастырушылық қызмет жүргізіп, үкімет органдары арқылы олардың әлеуметтік жағдайын жеңілдетуге күш салды. 1916 жылдың желтоқсан айының соңынан 1917 жылдың қаңтар айының ортасына дейін Ә. Бөкейхановпен бірге Минск маңындағы Батыс майданда болып, Земгор карамағындағы қазақ жұмысшыларының жағдайын зерттеп, оларға берілетін жеңілдіктердің орындалуын бақылаған [5; 107]. Сонымен қатар Есполовқа майдандағы қазақ жұмысшыларының әлеуметтік жағдайын арнайы зерттеу тапсырылып, оның нәтижесінде баяндама дайындалып, тиісті мекемелерге ұсынылады. Бұл баяндамада ол жұмысшылардың мүддесін қорғау мақсатында арнайы қазақ бөлімін ашу қажеттігін көтерген. Нәтижесінде 1917 жылы Минск қаласында «Земство және қала одақтары» жанынан «бұратаналар бөлімі» құрылып, бұл құрылым қазақ жұмысшыларына көмек көрсету ісін жүйелеуге бағытталды. Есполов алғашында аталған бөлімде Ә. Бөкейхановтың орынбасары ретінде қызмет атқарып, кейін Киев қаласында ашылған бөлімшені басқаруға тартылды [6; 199-200]. Ол майдандағы қазақ жұмысшыларының ауыр жағдайын «Қазақ» газеті бетінде жариялап, қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал етті. Оның «Адасқан жігіттер», «Күнбатыс майданынан», «Жұмысшылар жайында доклад» атты мақалалары осы бағыттағы маңызды дереккөздердің бірі [7; 216].

Осы кезеңде М. Есполов қоғамдық-саяси белсенділігін арттыра отырып, майдандағы қазақ жастарының саяси санасын көтеру мақсатында «Еркін дала» атты ұйым құруға қатысады. Аталған ұйым алғашында майдан жағдайында пайда болғанымен, толыққанды құрылым ретінде қалыптасуы елге оралғаннан кейін жүзеге асты. 1917 жылдың шілде айында Орынбор қаласында «Қазақ» газетінің жанынан оның орталығы ашылды. Ұйымды құрушылар Асфендияр Кенжин, Нәзір Төреқұлов, Мырзағазы Есполов, Тел Жаманмұрынов, Мұса Сейдалиев, Хайретдин Болғанбаев және Ахмет Байғұрин. Бұлардан басқа ұйымға Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов мүше болды [6; 206].

Ұйым халықтың сауатын ашуды, қазақша газет, журналдарды, мектепке қажетті оқу құралдарын шығаруды, мұқтаж шәкірттерге тегін оқу орындары мен ауруханаларды ашуды, майдан жұмысына қатынасқан жігіттер мен олардың жақындарына тиісті жәрдем беруді өз міндетіне алған. Көріп отырғанымыздай, «Еркін даланың» алдына қойған мақсаты зор еді және олардың мазмұны негізінде ағартушылық және халықтың қоғамдық-саяси белсенділігін көрсетуге саятындығын аңғару қиын емес. Бірақ бұл ұйым ұйымдасқан түрде қанат жайып, ел өміріне араласып кете алған жоқ. 1917 жылдың екінші жартысындағы аласапыран оқиғалар оған мүмкіншілік бермеді. Дегенмен, бұл қауымның тізіміне жазылған кісілердің түгелі «Алаш» партиясының құрамына еніп, саяси өмірге белсенді араласуын тоқтатпады [6; 208].

Азамат соғысы жылдарында Мырзағазы Есполов қазақ ұлттық қозғалысының белсенді өкілі ретінде Алаш қозғалысының жұмысына қатысып, оның саяси және ұйымдастырушылық қызметіне араласты. 1917 жылғы революциялық оқиғалардан кейін ол Алаш идеясын қолдап, ұлттық автономия құру жолындағы күреске белсене қатысқан қайраткерлердің қатарында болды. Архив деректері оның Алаш Орда құрылымдарында, соның ішінде әскери кеңес жұмысына қатысып, Алаш әскерін ұйымдастыру ісіне үлес қосқанын көрсетеді [8; 815-829].

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-саяси қызметі жана тарихи жағдайда жалғасын тапты. Ол кеңестік биліктің орнығу кезеңінде Ташкент қаласына келіп, Түркістан АКСР-інің мемлекеттік құрылымдарында қызмет атқара бастады. Оның кәсіби даярлығы Орынбор мұғалімдер семинариясымен байланысты болғандықтан, бұл оған Қырғыз (Қазақ) халық ағарту институтында оқытушылық қызметін бастауға мүмкіндік берді.

Түркістан Республикасының Халық Комиссарлар кеңесінің бұйрығымен 1920 жылы 1 қазанда Ташкентте Халық ағарту институты ашылады. Олардың қатарында төменгі оқу орындары болды:

- К.А. Тимирязев атындағы Халық ағарту институты (бұл институт Түркістан Республикасының барлық халықтарына арналған, оқыту тілі — орыс тілі);
- Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту институты (қазақтарға арналған);
- Өзбек Халық ағарту институты (өзбектерге арналған);
- Татар Халық ағарту институты (татарларға арналған) [9; 6].

Мырзағазы Есполов 1920 жылдың 24 қазанында Қырғыз халық ағарту институты (Кирипрос) құрамында жұмысқа қабылданды [10; 4-6]. Осы уақытта институтта 23 оқытушы жұмыс істеген. 1-кестеде Кирипроста қызмет атқарған кейбір оқытушыларының атаулы тізімі берілген (1-кесте).

1 - к е с т е

Кирипрос жұмысшылары мен қызметкерлерінің атаулы тізімі (шығыс № 1874, 1920 ж. 2 желтоқсан)

№	Қызметкерлердің аты-жөні	Жасы, туған жылы мен айы	Жұмысқа қабылданған уақыты	Мамандығы	Соғысқа дейінгі және соғыс кезіндегі қызметі	Шыққан жері (облыс, уезд, қала)	Отбасы мүшелері саны	Жұмыстан шығу уақыты	Ерекше мәлімет
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Табинбаев Ембергел — ұйымдастыру комитетінің төрағасы, А сыныбында география пәнінің оқытушысы	30 жаста, 1892 ж. 18 қыркүйек	1920 ж. 1 тамыз	мұғалім	мұғалім	Сырдария обл. Перовск қ.,	Жұбайы Ұлжана — 22 ж.; балалары: Темірбек — 3 ж., Асылбек — 1 ж.	—	Ташкент мұғалімдер семинариясын бітірген
4	Досмухамедов Абду-Халил — ұйымдастыру комитетінің мүшесі, дәрігер және 1-2 негізгі сыныптарда жаратылыстану пәнінің оқытушысы	1883 ж. 24 сәуір	1920 ж. 27 маусым	дәрігер	дәрігер	Орал обл., Ойыл уезі, Тайсойған болысы, № 6 ауыл	Жұбайы Сағира — 31 ж.; балалары: Рабиға — 11 ж., Әділхан — 8 ж., Сәуле — 4 ж., Азимжан (1920 ж. 24 ақпанда туған)	—	Петербург әскери-медициналық академиясын 1909 ж. бітірген

1 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
14	Испулов Мурза Газы — 1 және 2 негізгі сыныптарда және В сыныбында география пәнінің оқытушысы	—	1920 ж. 24 қазан	—	—	Торғай обл., Қостанай уезі	—	1921 ж. 1 ақпанынан жұмыстан босатылған	Орынбор мұғалімдер семинариясын бітірген
20	Алдунгарова Рахима — балабақша жетекшісі	1902 ж. 3 наурыз	1920 ж. 20 қазан (Халық ағарту комисс. шақыруымен)	мұғалім	мұғалім	Қостанай қ.	—	Іссапарға жіберілген	Троицк қаласындағы мұсылман мұғалімдер семинариясын бітірген

Тізімдегі Алдунгарова Рахима Мырзағазы Есполовтың жұбайы. Киринпроста ол балабақша жетекшісі қызметін атқарды.

Алғашқы уақытта М. Есполов ана тілінен сабақ берсе, кейінірек география пәнінің мұғалімі қызметін атқарып, 1 және 2 негізгі сыныптарға сабақ берді. 1920 жылы Қазақ ағарту институтының оқу бағдарламасы бойынша: ана тілі аптасына — 6 рет, география — 2 рет берілді [11; 34].

Архивтік ведомостар мен есеп құжаттары негізінде оның оқу үдерісіне белсенді араласқаны анықталды. Атап айтқанда: 1920 жылдың 1 шілдесі мен 1 қарашасы аралығында сыйақы алған. Қатысу көрсеткіші — 20 күннің ішінде 15 күн, тиімділік пайызы — 35 %. Бір айдағы сыйақы сомасы — 3290 рубль, жалпы алғаны — 798 рубль [12; 95-96]. Педагогикалық курстар аясында географиядан өткізген 6 сабағы үшін 17100 рубль жалақының 8550 рублі төленген [13; 162]. 1920 жылдың қараша айында, оның жеке бастамасы 75 % деп бағаланған, жалпы тиімділік пайызы — 90 %. Бір айда 10260 рубль сыйақы алған [14; 166-167].

Қызметтік тізімге сәйкес, Мырзағазы Есполов 1921 жылдың 1 ақпанынан бастап қызметтен босатылған. Архивтік деректерде жұмыстан босату себептері нақты көрсетілмегенімен, институттағы қысқаша еңбек тәжірибесінің себебін атап өткен жөн: осы уақытта ол Түркістан ОАК және Жер-су Халық Комиссариат алқасының мүшесі болып тағайындалады [15; 3].

Фотодеректер Мырзағазы Есполовтың Ташкенттегі қазақ интеллигенциясы ортасындағы орны мен қызметін айқындауға мүмкіндік береді. Суретте қазақ зиялылары Аққағаз Досжанованың ОАМУ-ті (САГУ — Средне-Азиатский государственный университет) тәмамдауына орай жиналған. Бұл жиында Есполовтың да бейнеленуі оның ұлттық интеллигенция өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болғанын және ағартушылық қызметінің осы интеллектуалдық ортада жүзеге асқанын көрсетеді (1-сурет).



1-сурет. Ташкент қаласында Аққағаз Досжанованың САГУ-ды бітіруіне байланысты жиналған қазақ зиялылары. 1922 ж.

Ескерту: суретте Мырзағазы Есполов (1-қатар, 21) көрсетілген.

Дереккөз: <http://halelkz.com/content/1-vy-vypusk-kirinpros>

Ол Жер халық комиссариатында (Наркомзем) қызмет атқара отырып, бір мезгілде Ташкент қаласында құрылған Қазақ мәдениетін көркейтушілердің «Талап» қоғамының жұмысына белсенді қатысты. Бұл жағдай оның қызметінің тек әкімшілік шеңбермен шектелмей, ұлттық білім беру мен мәдениетті дамытуға бағытталған қоғамдық бастамалармен тығыз байланыста болғанын көрсетеді.

Архив құжаттарына сәйкес, «Қырғыз (қазақ) мәдениетін көркейтушілердің «Талап» қоғамы» 1922 жылдың 4 желтоқсанында Ташкент қаласында құрылған [16; 73]. Қоғамның құрылуы қазақ мәдениеті мен ағарту ісін дамытуға бағытталған ұлттық ұйым құру қажеттілігінен туындады. Қабылданған жарғыға сәйкес, қоғамның негізгі мақсаты қазақ халқының мәдени дамуына ықпал ету. Бұл мақсатқа жету үшін ұйым қазақ әдеби тілі, терминология, орфография мәселелерін әзірлеу, ұлттық өнер мен тарихты зерттеу, мектептердегі оқыту мәселелерін жетілдіру және ғылыми-ағартушылық қызметкерлерге колдау көрсету сияқты бағыттарда жұмыс жүргізді.

1922 жылғы 14 желтоқсанда өткен алғашқы жиналыста қоғамның басқармасы сайланып, оның құрамына Х. Досмұхамедов (төраға), М. Есполов (төраға орынбасары), М. Тынышбаев, М. Әуезов және басқа да белгілі зиялылар енді. Архив материалдары Мырзағазы Есполовтың төраға орынбасары ретінде қоғам жұмысына белсенді қатысқанын көрсетеді. Төрағаның жиі болмауына байланысты, ұйымның көптеген ұйымдастырушылық мәселелері тікелей оның қатысуымен жүзеге асырылып отырған. М. Есполовтың бастамасымен қоғам қызметінің маңызды бағыттарының бірі — кітапхана-оқырманхана ұйымдастыру мәселесі көтерілді. Бұл бастама қазақ зиялылары мен зерттеушілерінің ғылыми әдебиеттерге қолжетімділігін арттыруға бағытталды. Осы мәселе қоғам басқармасының мәжілістерінде арнайы қарастырылып, оны жүзеге асыру нақты тапсырмалар деңгейінде шешілген. Атап айтқанда, құжаттарда көрсетілгендей, бастапқыда бұл міндет Х. Досмұхамедов пен профессор А. Шмидтке жүктелгенімен, кейіннен оны тікелей Мырзағазы

Есполов өз мойнына алған: «В заседании своем от 3 февраля т.г. за № 10 Правление возложило на тов. Досмухамедова, проф. Шмидт обязанность представить свои соображения по вопросу о немедленной организации библиотеки, но за болезнью т. Досмухамедова на следующем же заседании Правления от 18 февраля т.г. эта обязанность была возложена на меня. В исполнение сего при сем представляю: краткие соображения по вопросу о создании библиотеки, проект ее устава и смету расходов по его организации и содержанию до конца текущего бюджетного года. В соответствии с целями поставленными нашим Обществом книжный фонд организуемой библиотеки должен состояться из изданий относящихся до природы страны, проблем материальной и духовной культуры как киргизского народа, так и всех тех народов Востока, кои прямо или косвенно оказали то или иное влияние на исторические судьбы киргизского народа...» [17; 1-2]. Осы дерек М. Есполовтың кітапхана ұйымдастыру ісіндегі жетекші ролін айқындайды. Ол тек бастама көтеріп қана қоймай, нақты жобалық құжаттарды (жарғы, смета) әзірлеп, оны жүзеге асыру жолдарын ұсынған.

Сонымен қатар Мырзағазы Есполовтың «Талап» қоғамындағы қызметі тек мәдени-ағартушылық мәселелермен шектелмей, әлеуметтік сипаттағы маңызды мәселелерді қамтығанын көрсетеді. 1923 жылғы 24 ақпанда өткен қоғам мәжілісінің хаттамасына сәйкес, отырыс Есполовтың төрағалығымен өткен. Аталған мәжілісте Жетісу облысындағы қазақ әйелдерінің жағдайы қаралып, бұл мәселе тек аймақтық деңгейде емес, бүкіл қазақ қоғамына тән өзекті проблема ретінде бағаланған. Қабылданған шешімдерге сәйкес, мәселені жан-жақты зерттеу үшін арнайы комиссия құру қарастырылып, оның құрамына сол кезеңнің көрнекті зиялылары енгізілген [18; 36]. Талқылау барысында әйел мәселесін тек құқықтық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлармен байланысты қарастыру қажеттігі атап өтілген. Осы отырысты басқаруы оның тек әкімшілік функция атқарушы емес, қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді көтеріп, оларды талқылауды ұйымдастырушы тұлға болғанын көрсетеді. Оның төрағалығымен қабылданған шешімдер қоғам қызметінің бағыттарын айқындап, әлеуметтік реформаларға қатысты ұсыныстар әзірлеуге ықпал еткен.

1923 жылғы 3 мамырдағы қоғам басқармасының мәжіліс хаттамасында М. Есполов төраға орынбасары ретінде Берлиндегі қазақ студенттерінің жағдайы туралы баяндама жасағаны тіркелген. Аталған баяндама негізінде қоғам мүшелері студенттерге тікелей материалдық көмек көрсету мүмкіндігі болмағандықтан, олардың пайдасына қаражат жинау мақсатында арнайы лекция-диспут ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған. Лекция-диспуттың тақырыбы: «Бехаизм ілімінің тарихи дамуы». Сонымен қатар диспуттың тақырыбы, баяндамашылары, өткізу орны және ұйымдастыру мәселелері нақты айқындалып, мемлекеттік мекемелермен (Наркомпрос, Госиздат, жергілікті атқару комитеті) өзара байланыс орнату қарастырылған. Есполовтың осы процестегі рөлі ерекше назар аудартады. Ол мәселені көтеруші әрі талқылаудың бастамашысы ретінде қоғамның әлеуметтік бағыттағы қызметін жандандыруға ықпал еткен. Оның баяндамасы негізінде қабылданған шешімдер қоғамның нақты іс-әрекеттеріне ұласқан [19; 27].

«Талап» қоғамының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі — лекциялар мен ғылыми пікірталастар ұйымдастыру болғанын көрсетеді. Қоғам жұмысының бұл бағыты қазақ мәдениеті мен тарихына қатысты мәселелерді кеңінен талқылауға мүмкіндік беріп, ағартушылық қызметтің негізгі тетіктерінің бірі ретінде көрінді. Құжаттар бойынша, 1922–1923 жылдары қоғам аясында барлығы 10 лекция оқылған. Олардың тақырыптық ауқымы кең болып, түркі-моңғол халықтарының ежелгі тарихы, Шыңғыс хан дәуірі, қазақ-қырғыз тарихы, Түркістан халықтарының археологиясы, қазақ әйелдерінің қоғамдағы орны, ұлттық әдебиеттің дамуы, ауылдағы білім беру ісі, сондай-ақ тіл мәселелері қамтылған. Аталған лекциялар қатарында Мырзағазы Есполовтың да ағартушылық қызметі ерекше назар аудартады. Ол Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметіне арналған лекция оқып, қазақ ағарту тарихының маңызды мәселелерін көтерген. Бұл оның тек ұйымдастырушы ғана емес, ұлттық білім беру тарихын насихаттаушы әрі зерттеуші тұлға болғанын көрсетеді [20; 6-7].

Лекцияларды қоғамның көрнекті өкілдері — М. Тынышбаев, Ә. Диваев, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев және басқалары жүргізген. Бұл «Талап» қоғамының қазақ зиялыларының интеллектуалдық күштерін біріктірген орталық болғанын айқындайды. Сонымен қатар лекциялар мазмұнының өзектілігі мен ғылыми сипаты олардың тыңдаушылар тарапынан жоғары қызығушылыққа ие болғанын көрсетеді. Қоғам басқармасы атап өткендей, егер бұл лекцияларды басып шығару мүмкіндігі болғанда, олар қазақтану саласындағы ғылыми әдебиеттер қорын толықтыратын маңызды еңбектердің біріне айналар еді.

1925 жылғы құжаттар қоғам қызметінің тоқтау себептерін де айқындайды. Атап айтқанда, ұлттық-территориялық межелеу нәтижесінде қоғам мүшелерінің әртүрлі аймақтарға таралуы, сондай-ақ Қазақстан астанасының Қызылордаға көшірілуі «Талап» қоғамының қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермеген. Осыған байланысты қоғамның мүлкі мен құжаттары Қызылордадағы Қазақстанды зерттеу қоғамының қарамағына берілген [21; 122-123]. Жалпы алғанда, архивтік деректерді талдау «Талап» қоғамының қазақ мәдениеті мен ғылымын дамытудағы маңызды институт болғанын көрсетеді. Оның қызметі ұлттық интеллигенцияның бірігуіне, ғылыми ойдың қалыптасуына және білім беру ісінің дамуына елеулі ықпал етті. Ал Мырзағазы Есполов осы үдерістердің белсенді ұйымдастырушысы әрі қатысушысы ретінде көрінеді.

«Ақ жол» газетінің материалдары Мырзағазы Есполовтың ағартушылық қызметі оқу-ағарту ісін ұйымдастырумен және оқу құралдарын әзірлеумен тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Атап айтқанда, «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 13 сәуірдегі № 292 санында жарияланған мәліметтерге сәйкес, Ташкенттегі Қырғыз-қазақ білім комиссиясының мәжілісінде ұлттық мектептерге қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау мәселесі қарастырылған. Онда оқу құралдарының жетіспеушілігі салдарынан қазақ мектептеріндегі білім беру ісінің әлсірегені атап өтіліп, осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында зиялы қауым өкілдеріне нақты пәндер бойынша оқулықтар жазу міндеті жүктелген. Аталған деректе Мырзағазы Есполов Африка, Америка, Австралия, Ресей және Арабия елдерін қамтитын жалпы жағрафия пәні бойынша оқулық әзірлеуге жауапты тұлғалардың бірі ретінде көрсетіледі [22; 325].

Бұл мәліметтер «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 10 мамырдағы № 302 санында жарияланған Қырғыз-қазақ білім комиссиясының қызметіне арналған материалдармен толықтырылады. Онда комиссияның негізгі бағыттары — оқу құралдарын даярлау, сауатсыздықты жою, ауызша және жазба әдебиетті дамыту — нақты көрсетіліп, осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін ұлттық интеллигенция өкілдеріне пәндік оқулықтар жазу міндеті жүктелгені айтылады. Мырзағазы Есполов пен Иса Тоқтыбаевқа 1 қарашаға дейін Жалпы жағрафия және Қазақстан жағрафиясы һәм шаруа жағрафиясы оқулықтарын әзірлеуге тапсырма берілген [23; 26-28].

Алайда жүргізілген зерттеу барысында Мырзағазы Есполовтың география пәні бойынша жазуы тиіс деп жоспарланған оқулығы табылған жоқ. Бұл жағдай аталған еңбектің сақталмауы немесе мүлде жазылмай қалуы мүмкін деген болжам жасауға негіз береді. Дегенмен, Есполовтың оқу-ағарту саласындағы қызметі тек жоспар деңгейінде қалмағанын атап өткен жөн. 1926 жылы оның география пәніне қатысты Г. Ивановтың еңбегін қазақ тіліне аударуға қатысқаны белгілі. Бұл дерек оның білім беру үдерісіне белсенді араласқанын және қазақ тіліндегі оқу әдебиеттерін қалыптастыру ісіне үлес қосқанын көрсетеді.

Мақалада Мырзағазы Есполовтың аударма қызметіне қатысты деректердің кездесуі осы бағыттағы еңбектерін жүйелеу қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты Есполовтың аудармаларын жеке бөліп көрсетуді жөн көрдік (2-кесте).

2 - к е с т е

Мырзағазы Есполовтың аудармалары

Түпнұсқа	Автор	Аударылған жылы	Қазақша атауы
Рассказы о воде	Ю. Вагнер	1924 ж.	Су хақындағы әңгімелер
Как жили люди в старину	Д. Кудрявский	1924 ж.	Арғы мәдениет
Курс начальной географии	Г. Иванов	1926 ж.	Бастауыш география дәрістігі
Вычеты и удержания из заработной платы рабочих и служащих	авторсыз	1927 ж.	Жұмыскерлер мен қызметкерлердің алатын жалақысынан берімсілердің жаңа ұстап қалу туралы

Талқылау

Қазіргі қазақстандық тарихнамада Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметі арнайы, кешенді зерттеу нысаны ретінде қарастырылмағанын атап өткен жөн. Зерттеулерде оның қызметі көбінесе жекелеген қырлары бойынша ғана талданады немесе қазақ ұлттық интеллигенциясының басқа өкілдерімен бірге жалпылама сипатта қарастырылады. Мысалы, Алаш қозғалысына қатысты еңбектерде Есполовтың қызметі жалпы ұлттық қозғалыс контекстінде аталып

өтсе, Түркістан кезеңіне арналған зерттеулерде ол кеңестік кезеңдегі ұлттық кадрлардың бірі ретінде ғана сипатталады. Ал «Талап» қоғамының тарихына арналған жұмыстарда оның қызметі ұйым мүшелерінің бірі ретінде шектеулі деңгейде ғана көрініс табады. Осыған байланысты, Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметін жеке зерттеу нысаны ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Бұл бір жағынан, оның қызметінің мазмұнын толық ашуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, қазақ ұлттық интеллигенциясының қызметін тұлғалық деңгейде тереңірек түсінуге жол ашады.

Алаш қозғалысының тарихын зерттеуде Мәмбет Қойгелдиев еңбектері маңызды орын алады [6]. Ғалым Алаш қайраткерлерінің қызметін ұлттық мемлекеттік идеяларын жүзеге асыруға бағытталған кешенді құбылыс ретінде қарастырады. М. Қойгелдиевтің монографиясында XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы Қазақстанның тарихи дамуына байланысты проблемалардың кең ауқымы қамтылған. Кітаптың бүкіл арқауындағы басты мәселе — «Алаш» қозғалысына арналған. Кітапта «Қазақ демократиялық интеллигенциясы майдандағы жұмысшылар арасында» деген бөлімінде Мырзағазы Есполовтың алғашқы мемлекеттік маңызы бар мәселелерге араласып, кейіннен сонда ашылған бөлімнің басшысы болғандығы айтылған. Сонымен қатар оған осы Күнбатыс майданындағы жұмыс жаңа қайраткерлік деңгейге көтерілді деп баға береді.

Алаш қайраткері М. Есполов өмірі мен қызметіне қалам тартқан тағы бір ғалым алаштанушы, филология ғылымдарының докторы Діқан Қамзабекұлы 1998 жылғы «Жұлдыз» журналының шілде айындағы нөмірінде жарық көрген «Алаштың Мырзағазысы» ғылыми мақаласында өмірбаяндық шолу жасайды. Мақалада қайраткердің мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалары алғаш рет аталады. Сонымен қатар ғалымның аудармашылық қырын танытып, профессор Д. Кудрявскийдің «Как жили люди в старину» атты танымдық зерттеу кітабын «Арғы мәдениет» деген атпен аударып шыққанын жазады. Және Есполовтың өмір кезеңдеріне толық тоқталып, еңбектеріне ғылыми баға береді [24].

Алаш қайраткерлердің солардың ішінде Мырзағазы Есполовтың 1920 жылдан кейінгі Түркістандағы қызметін ғалым Хазіретәлі Тұрсынның «Алаш һәм Түркістан» монографиясында баяндалады. Монографияда Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тарихы архивтік құжаттарды кеңінен пайдалана отырып, элиталық көзқараспен тұжырымдалады. Еңбекте Мырзағазы Есполовтың Түркістан АКСР-дағы қоғамдық-саяси қызметі қысқаша суреттелген [25].

Ташкент қаласының қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы рөлін талдауда Л. Рсымбетованың зерттеуі маңызды орын алады [26]. Ғалым өз еңбегінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ташкенттің қазақ зиялылары шоғырланған ірі мәдени және білім беру орталығы болғанын негіздейді. Автордың пікірінше, бұл қалада қалыптасқан білім беру мекемелері мен ғылыми орталар ұлттық интеллигенцияның кәсіби және идеялық тұрғыдан жетілуіне ықпал етті. Бұл тұжырым Мырзағазы Есполовтың қызметімен тікелей сабақтасады. Оның Ташкенттегі Кирипрос жүйесіндегі педагогикалық қызметі және «Талап» қоғамындағы белсенділігі дәл осы интеллигенциялық ортаның аясында жүзеге асқан. Осы тұрғыдан алғанда, Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметін жеке құбылыс ретінде емес, Ташкентте қалыптасқан ұлттық интеллектуалдық кеңістіктің бір бөлігі ретінде қарастыру орынды.

Жалпы алғанда Мырзағазы Есполовтың қызметі қазіргі зерттеулерде дербес түрде толық қарастырылмағаны байқалады. Ол көбінесе қазақ ұлттық интеллигенциясының жалпы қызметі аясында немесе жекелеген аспектілер бойынша ғана зерттеліп келеді. Сонымен қатар «Талап» қоғамының қызметіне қатысты еңбектер де белгілі бір деңгейде мәселені ашуға мүмкіндік береді. Мәселен, А.Т. Қайыпбаева мен Н.Н. Курманалина зерттеуінде қоғамның құрылу тарихы, мақсаттары мен негізгі қызмет бағыттары қарастырылып, оның мәдени-ағартушылық қызметі сипатталады [27]. Бұл еңбекте Мырзағазы Есполовтың қоғамдағы белсенділігі де атап өтіледі. Алайда, оның қызметі арнайы зерттеу нысаны ретінде терең талданбай, жалпы ұйым мүшелерінің қызметі аясында ғана қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, жүргізілген зерттеу нәтижелері М. Есполовтың «Талап» қоғамындағы қызметін нақты деректер негізінде айқындап, оның қоғамдық және ағартушылық бағыттағы қызметтерінің өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметі көпқырлы және тарихи тұрғыдан маңызды құбылыс екенін көрсетті. Оның қызметі педагогикалық ағартушылықтан басталып, қоғамдық-саяси және мемлекеттік деңгейдегі қызметпен ұштасып, қазақ

қоғамының XX ғасыр басындағы трансформациялық үдерістерімен тығыз байланыста дамыды. Зерттеу деректері Есполовтың қызмет эволюциясын айқын көрсетеді. Алғашқы кезеңде ол мұғалім ретінде халық арасында білім тарату ісімен айналысса, 1916-1917 жылдары майдандағы тыл жұмысында жүрген қазақтар арасында ағартушылық және ұйымдастырушылық қызмет жүргізіп, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысты. Бұл кезеңде оның қызметі әлеуметтік қорғау және қоғамдық жұмылдыру сипатымен ерекшеленді.

Алаш қозғалысы кезеңінде Мырзағазы Есполовтың қызметі саяси мазмұнға ие болып, ұлттық автономия идеяларын жүзеге асыруға бағытталды. Ол Алаш құрылымдары аясында ұйымдастырушылық қызмет атқарып, саяси үдерістерге белсенді қатысқан қайраткер ретінде көрінді.

Кеңестік кезеңде оның қызметі жаңа институционалдық формаға өтті. Түркістан АКСР-індегі мемлекеттік қызметі барысында М. Есполов бір мезгілде Жер халкомы жүйесінде жұмыс істеп, сонымен қатар «Талап» қоғамы мен Кирипрос сияқты ағартушылық ұйымдар қызметіне қатысу арқылы мемлекеттік және қоғамдық қызметтің сабақтастығын қамтамасыз етті.

Осылайша зерттеу нәтижелері Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-ағартушылық қызметі қазақ қоғамындағы білім беру, әлеуметтік қолдау және саяси жаңғыру үдерістерінің тоғысында жүзеге асқанын көрсетеді. Оның қызметі ұлттық интеллигенцияның қоғамды трансформациялаудағы рөлін нақтылай отырып, тарихи тұлға ретінде маңызын айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тастекова Г. Участие Мырзағазы Есполова в реализации аграрной политики Туркестанской АССР / Г. Тастекова, Д. Панто // Gumilyov Journal of History. — 2026. — Т. 154, № 1. — С. 138–159. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-154-1-138-159>
- 2 Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы қоғамдық негізде ағартушылық қызмет атқарған ұйымдардың тарихы. Ұжымдық монография. — Алматы: ИП «Радуга», 2023. — 296 б.
- 3 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай — ҚР ОМА). — Қ. И-95. — Т.2. — Іс. 329. — П. 32-38.
- 4 ҚР ОМА. — Қ. И-95. — Т.1. — Іс. 111. — П. 2.
- 5 Жусип С.-Х.А. Исторические аспекты участия казахов в первой мировой войне / С.-Х.А. Жусип, Х. Маслов // Электронный научный журнал «Edu.e-history.kz.». — 2021. — Т. 8, № 3. — С. 104–116. DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2021_27_3_104-116
- 6 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы / М. Қойгелдиев. — Алматы: Санат, 1995. — 368 б.
- 7 «Қазақ» газеті. 1917 жыл / құраст.: Ғ. Әнес, Т. Замзаева. — Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. — 568 б.
- 8 Тастекова Г.Б. Мырзағазы Есполов — Алаш қайраткері / Г.Б. Тастекова, М. Алпысбес, Д.Ж. Ураков // «Edu.e-history.kz.» электрондық ғылыми журналы. — 2023. — Т. 10, № 4. — 815–829-б. DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_815-829
- 9 Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай — ӨзР ОМА). — Қ. 34. — Т. 1. — Іс. 259. — П. 6.
- 10 ӨзР ОМА. — Қ. 372. — Т. 1. — Іс. 21. — П. 4 сырт. — 6.
- 11 ӨзР ОМА. — Қ. 34. — Т. 1. — Іс. 465. — П. 34.
- 12 ӨзР ОМА. — Қ. 372. — Т. 1. — Іс. 18. — П. 95 сырт. — 96.
- 13 ӨзР ОМА. — Қ. 372. — Т. 1. — Іс. 18. — П. 162 сырт.
- 14 ӨзР ОМА. — Қ. 372. — Т. 1. — Іс. 18. — П. 166 сырт. — 167.
- 15 ӨзР ОМА. — Қ. 86. — Т. 1. — Іс. 796. — П. 3.
- 16 ҚР ОМА. — Қ. 693. — Т.1. — Іс. 20. — П. 73.
- 17 ҚР ОМА. — Қ. 693. — Т.1. — Іс. 18. — П. 1-2.
- 18 ҚР ОМА. — Қ. 693. — Т.1. — Іс. 15. — П. 36.
- 19 ҚР ОМА. — Қ. 693. — Т.1. — Іс. 15. — П. 27.
- 20 ҚР ОМА. — Қ. 693. — Т.1. — Іс. 7. — П. 6-7.
- 21 ҚР ОМА. — Қ. 693. — Т.1. — Іс. 47. — П. 122-123.
- 22 «Ақ жол» (газеті). Көптомдық / Құраст. Х. Есенқарақызы. — Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. — 10 том. — 384 б.
- 23 «Ақ жол» (газеті). Көптомдық / Құраст. Х. Есенқарақызы. — Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. — 11 том. — 384 б.
- 24 Қамзабекұлы Д. Алаштың Мырзағазысы / Д. Қамзабекұлы // Жұлдыз. — 1998. — шілде.
- 25 Хазретәлі Т. Алаш һәм Түркістан / Т. Хазретәлі. — Алматы: «Ел-шежіре», 2013. — 400 б.

26 Рсымбетова Л.А. Ташкент қаласының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы маңызы: тар. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 07.00.02. — Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) / Л.А. Рсымбетова. — Алматы, 2010. — 32 б.

27 Кайыпбаева А.Т. Из истории деятельности общества «Талап» / А.Т. Кайыпбаева, Н.Н. Курманалина // Тенденции развития науки и образования. — 2021. — № 5. — С. 162–166.

Г.Б. Тастекова, Р.Ж. Байдалы, Р.К. Бекмагамбетов

Общественно-просветительская деятельность Мырзагазы Есполова

В статье комплексно рассматривается общественно-просветительская деятельность Мырзагазы Есполова в контексте первой четверти XX века. Актуальность исследования определяется необходимостью переосмысления процесса формирования казахской национальной интеллигенции и её культурно-просветительской деятельности на основе архивных источников. Несмотря на значительный интерес исследователей к истории движения «Алаш», вклад отдельных его представителей, в том числе Мырзагазы Есполова, до сих пор освещён фрагментарно. Цель исследования заключается в выявлении основных направлений общественно-просветительской деятельности Мырзагазы Есполова, определении её эволюции в различные исторические периоды, а также анализе взаимосвязи его педагогической, общественной и государственной деятельности. Кроме того, ставится задача уточнить содержание и особенности его деятельности и определить её историческое значение. Исследование основано на архивных материалах и методах исторического анализа. Результаты исследования показали, что деятельность М. Есполова носила многоаспектный и этапный характер. На начальном этапе он занимался педагогической деятельностью, осуществляя просветительскую работу среди населения и способствуя развитию национального образования. В 1916-1917 гг. он принимал участие в организации помощи казахским рабочим, мобилизованным на тыловые работы, занимаясь вопросами улучшения их условий жизни, защиты прав и решения социальных проблем. В период движения «Алаш» его деятельность приобрела политический характер и была направлена на поддержку национальных идей и участие в работе национальных съездов. В советский период он продолжил общественно-просветительскую деятельность, совмещая её с работой в государственных структурах Туркестанской АССР. Он участвовал в деятельности Киргизского (Казахского) института народного просвещения (Киринпрос), занимался преподавательской деятельностью, а также активно работал в обществе ревнителей киргизской (казахской) культуры «Талап», способствуя реализации культурно-просветительских инициатив. Кроме того, его публицистическая и переводческая деятельность оказала влияние на развитие общественной мысли. В ходе исследования выявлена взаимосвязь просветительской и организационной деятельности Есполова. В статье раскрывается его вклад в развитие национального образования и определяется его место в системе казахской интеллигенции. Научная новизна заключается в комплексном анализе его общественно-просветительской деятельности и оценке её исторического значения на основе новых архивных источников.

Ключевые слова: Мырзагазы Есполов, Оренбургская учительская школа, казахская интеллигенция, движение «Алаш», организация «Еркін дала», Туркестанская АССР, Ташкент, народное просвещение, Киргизский (Казахский) институт народного просвещения, общество «Талап».

G.B. Tastekova, R.Zh. Baidaly, R.K. Bekmagambetov

Socio-Educational Activities of Myrzagazy Espolov

The article provides a comprehensive analysis of the socio-educational activities of Myrzagazy Espolov within the context of the first quarter of the twentieth century. The relevance of the study is determined by the need to reassess the process of formation of the Kazakh national intelligentsia and its cultural and educational activities based on archival sources. Despite the considerable scholarly interest in the history of the Alash movement, the contribution of its individual representatives, including Myrzagazy Espolov, has so far been addressed only fragmentarily. The purpose of the study is to identify the main directions of Espolov's socio-educational activities, to determine their evolution across different historical periods, and to analyze the interconnection between his pedagogical, social, and governmental roles. In addition, the study aims to clarify the content and specific features of his activities and to assess their historical significance. The research is based on archival materials and employs methods of historical analysis. The findings demonstrate that Espolov's activities were multi-faceted and developed in several stages. At the initial stage, he was engaged in teaching and carried out educational work among the population, contributing to the development of national education. In 1916-1917, he took part in organizing assistance for Kazakh workers mobilized for rear labor, focusing on improving their living conditions, protecting their rights, and addressing social issues. During the Alash movement, his activities acquired a political character and were aimed at supporting national ideas and participating in national congresses. In the Soviet period, he continued his socio-educational work while

combining it with service in the state structures of the Turkestan ASSR. He was involved in the activities of the Kirghiz (Kazakh) Institute of Public Education (Kirinpros), worked as a teacher, and actively participated in the Society of Enthusiasts of Kirghiz (Kazakh) Culture “Talap,” contributing to the implementation of cultural and educational initiatives. In addition, his journalistic and translation work influenced the development of public thought. The study reveals the interconnection between Espolov’s educational and organizational activities. The article highlights his contribution to the development of national education and defines his place within the Kazakh intelligentsia. The scientific novelty lies in the comprehensive analysis of his socio-educational activities and in the assessment of their historical significance based on new archival sources.

Keywords: Myrzagazy Espolov, Orenburg Teachers’ School, Kazakh intelligentsia, Alash movement, “Erkin Dala” organization, Turkestan ASSR, Tashkent, public education, Kyrgyz (Kazakh) Institute of Public Education (Kirinpros), “Talap” society.

References

- 1 Tastekova, G., & Panto, D. (2026). Uchastie Myrzagazy Espolova v realizatsii agrarnoi politiki Turkestanskoi ASSR [Participation of Myrzagazy Espolov in the implementation of agrarian policy of the Turkestan ASSR]. *Gumilyov Journal of History*, 154(1), 138–159. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-154-1-138-159> [in Russian].
- 2 (2023). *Qazaqstandagy 1920–1930 zhyldardagy qogamdyq negizde agartushylyq qyzmet atqargan uiymdardyn tarihy* [History of organizations engaged in educational activities on a public basis in Kazakhstan in the 1920–1930s]. Almaty: IP «Raduga» [in Kazakh].
- 3 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. I-95. — Op. 2. — D. 329. — L. 32-38 [in Russian].
- 4 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. I-95. — Op. 1. — D. 111. — L. 2 [in Kazakh].
- 5 Zhusip, S.-Kh.A., & Maslov, Kh. (2021). Istoricheskie aspekty uchastiia kazakhov v pervoi mirovoi voine [Historical aspects of the participation of Kazakhs in the First World War]. *Elektronnyi nauchnyi zhurnal «Edu.e-history.kz.» — Electronic scientific journal “Edu.e-history.kz.”*, 8 (3), 104–116. https://doi.org/10.51943/2710-3994_2021_27_3_104-116 [in Russian].
- 6 Koigeldiev, M. (1995). *Alash qozgalysy: oqu quraly* [Alash movement: textbook]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 7 (2023). *Qazaq gazetii. 1917 zhyl* [“Kazakh” newspaper. 1917]. G. Anes, T. Zamzaeva (Eds.). Almaty: «Alashorda» qogamdyq qory [in Kazakh].
- 8 Tastekova, G.B., Alpysbes, M., & Urakov, D.Zh. (2023). Myrzagazy Espolov — Alash qairatkeri [Myrzagazy Espolov — Alash figure]. *«Edu.e-history.kz.» elektronnyy gylimi zhurnaly — “Edu.e-history.kz” electronic scientific journal*, 10 (4), 815–829. https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_815-829 [in Kazakh].
- 9 TsGA RUZ [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 34. — Op. 1. — D. 259. — L. 6 [in Russian].
- 10 TsGA Ruz [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 372. — Op. 1. — D. 21. — L. 4 ob. — 6 [in Russian].
- 11 TsGA RUZ [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 34. — Op. 1. — D. 465. — L. 34 [in Russian].
- 12 TsGA RUZ [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 372. — Op. 1. — D. 18. — L. 95 ob. — 96 [in Russian].
- 13 TsGA RUZ [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 372. — Op. 1. — D. 18. — L. 162 ob. [in Russian].
- 14 TsGA RUZ [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 372. — Op. 1. — D. 18. — L. 166 ob. — 167 [in Russian].
- 15 TsGA RUZ [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 86. — Op. 1. — D. 796. — L. 3 [in Russian].
- 16 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 693. — Op. 1. — D. 20. — L. 73 [in Russian].
- 17 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 693. — Op. 1. — D. 18. — L. 1-2 [in Russian].
- 18 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 693. — Op. 1. — D. 15. — L. 36 [in Russian].
- 19 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 693. — Op. 1. — D. 15. — L. 27 [in Russian].
- 20 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 693. — Op. 1. — D. 7. — L. 6-7 [in Russian].
- 21 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 693. — Op. 1. — D. 47. — L. 122-123 [in Russian].
- 22 (2020). *Aq zhol (gazeti). Koptomdyq [Ak Zhol (newspaper). Multi-volume edition]. Vol. 10. Kh. Esenqarakyzy (Ed.). Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory* [in Kazakh].
- 23 (2020). *Aq zhol (gazeti). Koptomdyq [Ak Zhol (newspaper). Multi-volume edition]. Vol. 11. Kh. Esenqarakyzy (Ed.). Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory* [in Kazakh].
- 24 Kamzabekuly, D. (1998). Alashtyn Myrzagazysy [Myrzagazy of Alash]. *Zhuldyz — A Star*, July 7 [in Kazakh].
- 25 Khazretali, T. (2013). *Alash ham Turkistan* [Alash and Turkestan]. Almaty: «El-shezhire» [in Kazakh].
- 26 Rsymbetova, L.A. (2010). Tashkent qalasynyn XIX ghasyrdyn songy men XX ghasyrdyn basynda qazaq intelligentsiasynyn qalyptasuynadagy manyzy [The significance of Tashkent in the formation of the Kazakh intelligentsia in the late 19th and early 20th centuries]. *Extended abstract of candidate’s thesis*. Almaty [in Kazakh].

27 Kaipbaeva, A.T., & Kurmanalina, N.N. (2021). Iz istorii deiatelnosti obshchestva «Talap» [From the history of the activities of the “Talap” Society]. *Tendentsii razvitiia nauki i obrazovaniia — Trends in the Development of Science and Education*, 5, 162–166 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Тастекова Б. Гульдана — тарих магистрі, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0007-9403-7611>

Байдалы Ж. Рауан — PhD докторы, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8497-8430>

Бекмагамбетов К. Руслан — т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4189-5766>

Information about the authors

Guldana B. Tastekova — Master of History, Senior Lecturer, Department of History of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-9403-7611>

Rauan Zh. Baidaly — PhD, Head of the Department of History of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-8497-8430>

Ruslan K. Bekmagambetov — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of History of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4189-5766>